

**Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен  
Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі арасындағы макроэкономикалық саясат шараларын  
үйлестіру туралы 2024 – 2026 жылдарға арналған  
келісім**

**Кіріспе**

2022 жылы Қазақстанның экономикасы мен қаржы секторы сыртқы факторлардың да, ішкі факторлардың да әсерінен бұрын-соңды болмаған күйзеліске тап болды.

Дегенмен 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның экономикасы жаңа жағдайларға бейімделіп, орнықты өсуге көшті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) мен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) әрқайсысы өздерінің заңнамада белгіленген өкілеттіктері шеңберінде экономиканың сапалы өсуін қамтамасыз ету, оны ауқымды, терең трансформациялауды жүзеге асыру, бағаның, қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету, барлық ықпал ету салаларында өзара іс-қимылды жалғастыра отырып, тиімді макроэкономикалық саясат жүргізу, санкциялық тәуекелдерді нивелирлеу бойынша тиісті жұмыс жүргізу арқылы халықтың тұрмыс деңгейі мен әл-ауқатын арттыруға өз күш-жігерін жұмсауды жалғастырады.

Осы Келісімді іске асыру шеңберінде контрциклдік қағида тетігін ескере отырып, бюджеттік жоспарлау сапасын арттыру, мемлекеттің экономиканы қаржыландыруға қатысуын қысқарту, ақша-кредит саясатын жетілдіру, инфляция деңгейін төмендету, қаржылық тұрақтылықты нығайту және қаржы секторын дамыту жөніндегі бірлескен шаралар жалғасатын болады.

Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Агенттіктің бірлескен күш-жігері макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, оның ішінде инфляцияның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталатын болады, бұл әсіресе қазіргі жағдайда өте маңызды. Бұл кредиттердің қолжетімділігін арттыру, инвестицияларды ұлғайту және ұзақ мерзімді орнықты экономикалық өсу үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Орта мерзімді кезеңде инфляция деңгейін біртіндеп төмендету жөнінде бірлескен шаралар қабылданатын болады.

Сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету зерттеулермен және талдамалық есеп-қисаптармен бекітіліп негізделген шешімдер қабылдаумен тығыз байланысты. Үкіметтің қаржы кеңесшісі ретінде Ұлттық Банк өзінің зерттеулеріне, сондай-ақ ғылыми және сараптамалық қоғамдастықпен өзара

іс-қимыл жасай отырып жүргізілген зерттеулерге сүйеніп, макроэкономикалық саясат және Ұлттық Банктің қызметіне қатысты өзге мәселелер бойынша сараланған басқарушылық шешімдер қабылдауда консультация беріп, қолдау көрсететін болады.

Үкімет орта мерзімді перспективада 6 %-ға дейін экономикалық өсу қарқынына қол жеткізуді міндет етіп отыр.

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу режимінде орта мерзімді перспективада инфляцияны 5 % төңірегінде тұрақтандыруды мақсат етіп отыр.

Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік осы Келісіммен теңгерімді өсуді қамтамасыз етуге арналған шараларды үйлестіруді қамтамасыз етуге жәрдемдесетін мынадай қағидаттарды айқындайды.

### **Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік басшылыққа алатын қағидаттар**

Тараптар институционалдық реформалар жүргізудің, институттардың тәуелсіздігін нығайтудың, құқықтық негіздерді күшейтудің, Қазақстанның институционалдық стандарттарын озық практикаларға сәйкес келтірудің маңыздылығын сезінеді.

1. Экономиканың орнықты және теңгерімді өсуі үшін Үкімет мынадай қағидаттарды басшылыққа алатын болады:

теңгерімді салық-бюджет саясатын жүргізу, республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынын шектеу жөніндегі контрциклдік бюджет қағидаларын қатаң сақтау арқылы макроэкономикалық саясатты іске асыру;

кәсіпкерлік қызметті жандандыру үшін барынша қолайлы және ынталандырушы жағдайларды қалыптастыру;

бизнес жүргізу үшін қолайлы және тең жағдайлар жасау, жеке меншікті қорғауды күшейту, жеке бастамаларды қолдау арқылы инвестициялар тарту;

мемлекеттің экономикаға қатысуын барынша азайту, экономикалық нарықтық қатынастарға әкімшілік интервенцияларды біртіндеп қысқарту, экономикада бәсекелестік үшін жағдай жасау, бизнесті мемлекеттік қолдаудың тікелей құралдарынан жанама құралдарына көшу.

2. Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын жүргізгенде мынадай қағидаттарды басшылыққа алатын болады:

инфляциялық таргеттеу режимінде инфляция деңгейін біртіндеп төмендету;

либералды валюталық заңнаманы одан әрі сақтау және еркін құбылмалы айырбас бағамы режимін жалғастыру;

экономиканы одан әрі эмиссиялық қаржыландыруға жол бермей, Ұлттық Банктің жеңілдікті кредит беру бағдарламаларына қатысуын қысқарту;

тиімді ақша айналымын қамтамасыз ету және төлем жүйелерінің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

қаржылық көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік сервистерді оңтайландыруды және кеңейтуді қамтамасыз ететін орнықты Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын жасау.

3. Агенттік қаржы нарығына қатысушыларды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыра отырып, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының тұрақтылығын

қамтамасыз етуге жәрдемдесу және қаржы жүйесіне деген сенімді қолдау шеңберінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алатын болады:

қаржы нарығын, қаржы институттары мен құралдарын тиісінше дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

қаржы институттары қабылдаған тәуекелдер дәрежесін бағалауға негізделген тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде қаржы нарығының барлық секторларындағы қадағалау;

қаржы нарығында адал бәсекелестікті қолдауға бағытталған қаржы ұйымдарының қызметі үшін тең құқылы жағдайлар жасау;

қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ халық үшін қаржылық сауаттылық пен қаржылық қолжетімділік деңгейін арттыру;

Ұлттық Банкпен және Үкіметпен бірлесіп қаржылық тұрақтылық үшін тәуекел факторларын бағалау, жүйелі қаржылық дағдарыстың туындауын болғызбау және оның салдарын барынша азайту мақсатында келісілген шешімдер кешенін әзірлеу, қабылдау және іске асыру арқылы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік осы Келісіммен мынадай міндеттерді айқындайды.

### **1. Сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету**

Үкімет макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, бюджет шығыстарының мұнай бағасына тәуелділігін төмендетуге, мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған орнықты және болжамды фискалдық саясат жүргізетін болады.

Мемлекет қаржысын шоғырландыру және олардың мұнай түсімдеріне тәуелділігін төмендету мақсатында 2024 жылдан бастап республикалық бюджеттің параметрлерін қалыптастыру және нақтылау кезінде, оның ішінде республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны бойынша контрциклдік бюджет қағидаларын қайтару және кейіннен оны қатаң сақтау қамтамасыз етілетін болады.

Үкімет бюджеттік жоспарлау сапасын және мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансферттер аса маңызды инфрақұрылымдық жобаларды және жалпы ел ауқымындағы жобаларды қаржыландыруға ғана тартылатын болады.

Ұлттық қордан бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттерді қамтамасыз ету үшін ішкі валюта нарығында Ұлттық қордың қажетті валюталық активтерін жоспарлы айырбастау жүргізілетін болады.

Ұлттық қордың активтерін басқару шеңберінде Ұлттық Банктің мақсаты ұзақ мерзімді кезеңде тәуекел деңгейі қалыпты болған кезде кірістілікті арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Үкімет салық салынатын базаны кеңейту, салықтық әкімшілендірудің тиімділігін және мұнайға қатысты емес салықтардың жиналуын арттыру негізінде шоғырландырылған салық түсімдерінің өсуін ынталандыруға, есепке

алу жүйесін автоматтандыру арқылы «көлеңкелі» экономиканы қысқартуға және есеп айырысудың қолма-қол ақшасыз нысандарын қолдану аясын кеңейтуге бағытталған бюджеттік кірістер саласындағы саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Бюджет саясатының шекті параметрлерін (нысаналы бағдарларды) айқындау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау шаралары қабылданады. Бюджет саясатының моделі «бюджетті басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» көшу арқылы реформаланады.

Үкімет сыртқы күйзелістердің Қазақстан экономикасына теріс әсерін барынша азайту үшін мұнайға қатысты емес сауда теңгерімі тапшылығын төмендету мақсатында шаралар кешенін қабылдау үшін сыртқы тауар айналымын, сауда жағдайларын, инвестициялар мен төлем теңгерімі тәуекелдерін мониторингтеуді жалғастырады.

Отандық банктер де бизнесті және инвестицияларды қаржыландыру/қорландыру жөніндегі жұмысқа тартылатын болады.

Қазақстандық өнім өндірушілердің бағалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шикізат пен аралық материал импортын арзандату жөніндегі жұмыс жалғасады.

Азық-түлік тауарларын тұтынудағы импорттың үлесін 2024 жылы 20 %-ға дейін және 2025 жылы 18 %-ға дейін төмендету арқылы, оның ішінде жаңа құс фабрикалары мен ет комбинаттарын, сүт зауыттарын пайдалануға беру, алма бақтарын отырғызу есебінен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Тарифтік саясат шеңберінде Үкімет табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерінің тиімді құнын қалыптастыру, инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды және осы субъектілердің негізгі қорларын жаңартуды қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтынушы үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында оларды реттеу жөніндегі тәсілдерді жетілдіруді жалғастырады.

Тарифтер өсуінің инфляцияға қысымын барынша азайту үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын төмендету үшін бір мезгілде ынталы ете отырып, инвестицияланған капиталдың нарықтық кірістілігінен табыс табуға мүмкіндік беру мақсатында инвестициялық бағдарламалардың іске асырылуын тиімді бақылау жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Үкімет монополиялық және олигополиялық нарықтарды қоспағанда, бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеуден біртіндеп бас тарту жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Бұл ретте Үкімет табиғи монополиялар субъектілерінің қабылданған міндеттемелерін бақылау есебінен тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі іске қосылатын болады. Бұл жүйе әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден бастап түпкілікті тұтынушыға дейінгі қозғалысын цифрландыруға мүмкіндік береді.

Ашық баға белгілеуді қалыптастыру және биржалық тауарлардың сауда легін цифрландыру мақсатында тауар биржаларын реттеудің заңнамалық негізі қайта қаралатын болады. Биржаларға қойылатын реттеушілік талаптар

қатандайды, мемлекеттік бақылау күшейтіледі, отандық өндірушілердің ашық сауда құралдарына қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Коммуналдық саланы жаңғырту мақсатында «Инвестициялар орнына тариф» атты жаңа тарифтік саясатқа көшу қамтамасыз етіледі.

Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік жеке кәсіпкерлікті қалыптастыру және оны дамытуды ынталандыру үшін мемлекеттің бәсекелестік саясатын сапалы жүргізу, нарықтық экономика заңдарын ұстану және нарықтың барлық қатысушылары үшін қолайлы бизнес-орта мен тең жағдайлар жасау бірінші кезектегі міндеттер болып табылатынын мойындайды.

Ұлттық Банк экономиканы қолдау бағдарламаларына өзінің қатысуын біртіндеп қысқарту бағытын жалғастырады.

Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік көлеңкелі секторды төмендету жөніндегі шаралардың экономиканы дамытуға, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға, іскерлік белсенділікке, салық түсімдерінің өсуіне оң ықпал ететінін түйсінеді.

Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп көлеңкелі экономиканың мөлшерін азайту үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесін арттыру және нарыққа қатысушылардың шығасыларын барынша азайту, инновациялық және бәсекелес органы дамыту жұмысын жүргізетін болады.

Сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған негізделген шешімдер қабылдау үшін Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік арасында ғылыми-зерттеу қызметіндегі ынтымақтастық күшейтілетін болады. Тараптар тұжырымдар мен ұсынымдармен бөліседі, болжамдау және модельдеу тәжірибесімен және техникаларымен алмасады, таныстырылымдар, талқылаулар, оның ішінде консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарында өткізеді, Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия өңірі үшін әлеуетті дамытудың өңірлік орталығының (ССАМТАС) іс-шараларын қоса алғанда, оқыту іс-шараларына қатысуды ұлғайтады.

Үкімет пен Ұлттық Банк арасындағы ынтымақтастықты күшейтудің синергетикалық әсеріне қол жеткізу үшін бірлескен зерттеулер жүргізілетін болады, бұл алынатын нәтижелер мен тұжырымдарды талқылауға, Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін дамыту және арттыру бөлігінде сараланған әрі кешенді ұсынымдар тұжырымдауға мүмкіндік береді.

## **2. Ақша-кредит саясаты және инфляция деңгейін тұрақтандыру**

Ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады, ол инфляцияны төмендетіп, белгіленген нысаналы бағдарлар деңгейінде ұстап тұрудан көрініс табады.

Инфляциялық таргеттеу режиміндегі ақша-кредит саясаты құралдарының жүйесі теңгенің құбылмалы айырбас бағамы режимі кезінде пайыздық саясатқа баса назар аудара отырып қолданылады.

Ұлттық Банк тарапынан күш-жігер ақша-кредит саясатының институционалдық және операциялық негіздерін нығайтуға бағытталатын болады. Бастамалар қаржы жүйесі мен экономиканың жұмыс істеуінің нарықтық қағидаттарын қамтамасыз ету үшін экономиканы қолдаудың мемлекеттік

бағдарламаларын қаржыландырудан шығу процесін аяқтауды қамтиды.

Қазіргі жағдайда Үкімет пен Ұлттық Банк арасында жүргізіліп жатқан реформалар және олардың іске асырылу мәртебелері бойынша мезгіл-мезгіл ақпарат алмасу жөніндегі өзара іс-қимылды күшейту талап етіледі, бұл олардың макроэкономикалық параметрлерге әсерін тиімді бағалауға және сарапталған басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты тараптар арасында экономика салаларын дамыту бойынша мезгіл-мезгіл ақпарат алмасу, алқалы органдарда негізгі бастамаларды өзара талқылау кеңейтіледі, тереңдетіледі және жүйеленеді. Шешімдерді жедел қабылдау және пікір алмасу үшін Ұлттық Банктің болжау раундтары шеңберінде ағымдағы жағдайды талқылауға кеңесші даусымен Ұлттық экономика және Қаржы вице-министрлері шақырылатын болады.

Ұлттық Банктің басшылығы Үкіметтің бірқатар консультативтік-кеңесші органдарының құрамына енгізіледі.

Бұдан басқа, макроэкономикалық даму мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдардың белсенді өзара іс-қимылы қамтамасыз етіліп, оның ішінде (1) экономикалық дамуды бағалау әрі болжау және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді мониторингтеу үшін қажетті ақпарат және деректер; (2) модельдерді қолдау үшін қажетті деректер, оның ішінде ақша нарығындағы өтімділікті басқару, бірыңғай қазынашылық шот бойынша ақша қозғалысы, Ұлттық қорға түсімдер және т.б. бойынша деректер алмасу арқылы қамтамасыз етіліп, олар ақша-кредит саясаты бойынша болжау раундтары шеңберінде ағымдағы макроэкономикалық жағдай бойынша талдау дайындауға жұмылдырылады.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп баға мониторингі бойынша ақпараттық жүйелердің интеграциясын қамтамасыз ететін болады.

Валюталық саясат шеңберінде Ұлттық Банк икемді бағам қалыптастыруды ұстанатын болады, бұл теңгерімсіздіктердің қордалануын жоққа шығарып, сыртқы күйзелістерді жояды және бір мезгілде елдің алтын-валюта резервтерін ақылға қонымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Резиденттердің сыртқы экономикалық операциялары бойынша ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимыл жасау мақсатында валюталық бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар әзірленіп, қабылданатын болады, атап айтқанда Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп экспорттық-импорттық валюталық бақылау тетігін жетілдіру жұмысын Қазақстан резиденттерінің экспорт және импорт бойынша ұлттық валютамен шетел валютасын репатриациялау жөніндегі талаптарды орындауын бақылау функцияларының 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық Банктен Мемлекеттік кірістер комитетіне берілуін ескере отырып жалғастыратын болады.

Үкімет квазимемлекеттік сектор компанияларының валюта нарығындағы іс-қимылын үйлестіруді және келісуді, олардың Ұлттық Банкке тиісті ақпаратты тұрақты негізде ұсынуын қамтамасыз етеді.

Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сату көлемін мониторингтеуді жүзеге асыратын болады.

Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп квазимемлекеттік сектор субъектілерінің

шетелдік валютаны сатып алу, сату және аудару көлемі жөніндегі болжамды жоспарды жыл сайынғы негізде жасайтын болады.

Үкімет пен Ұлттық Банк ұлттық валютадағы борыштық капитал құнының индикаторы – нарықтың үмітін көрсететін және инвестициялық қызметті жоспарлауға мүмкіндік беретін кірістілік қисығын қалыптастыру үшін мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) нарығын одан әрі дамыту арқылы ақша-кредит саясаты мен фискалдық саясаттың үйлесімділігін арттырудың маңыздылығын түсінеді.

Борыштық орнықтылықты қамтамасыз ету мақсатында қарыз алу негізінен ішкі нарықта жүзеге асырылатын болады. Капиталдың сыртқы нарықтарына шыққан жағдайда бірінші кезекте кірістіліктің қолайлы деңгейі ескеріле отырып, теңгемен қаржыландыру құралдары қаралады. МБҚ-ны орналастыруда нарыққа қатысушылардың үлесін арттыру жоспарлануда. Үкімет Қаржы министрлігінің МБҚ-сын бағалы қағаздар нарығына қатысушылар үшін қолайлы кірістілік пен мерзімдер шарттарында, оның ішінде 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен шығаруды қамтамасыз етеді.

Үкімет кірістілік қисығының негізгі учаскелеріндегі эталондық шығарылымдарда ішкі мемлекеттік борыштың шоғырлануын жоспарлы түрде арттыруды жалғастырады. МБҚ нарығының өтімділігін қамтамасыз ету, бәсекелік сұранысты ынталандыру және оның болжамдылығын арттыру үшін Үкімет Қаржы министрлігінің МБҚ-сын орналастыру графигінің үнемі жарияланып тұруын және оны қатаң ұстануды қамтамасыз етеді. МБҚ-ны өтеу графигін оңтайландырудың бенчмарктерін қалыптастыру және инвесторлар арасында ең жоғары сұранысқа ие айналыс мерзімі бар облигациялар шығаруды қамтамасыз ету мақсатында МБҚ шығарылымдарын ірілендіру және олардың ішкі қор нарығындағы жалпы санын қысқарту жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Үкімет пен Ұлттық Банк инвесторлар тобын кеңейту, шетелдік капиталды тарту үшін Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын дамушы елдердің халықаралық жаһандық индекстеріне қосу жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен және қор нарығына қатысушылармен бірлесіп МБҚ нарығының тиімді инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі жұмысты, оның ішінде халықаралық есеп айырысу ұйымдарының қатысуымен жалғастырады.

Қайталама нарықтың төмен өтімділігі әлі де МБҚ нарығындағы негізгі тежеуші фактор болып отырғандықтан, Қаржы министрлігі Ұлттық Банкпен бірлесіп Қаржы министрлігінің МБҚ-сы бойынша бастапқы дилерлер жүйесін енгізеді.

### **3. Қаржылық тұрақтылық, қаржы секторын дамыту және цифрлық қаржы инфрақұрылымы**

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк қаржы жүйесінің жүйелі тәуекелдерін төмендетуге бағытталған макропруденциялық саясатты қалыптастыруды жалғастырады. Аталған міндет шеңберінде қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін макроэкономикалық және макроқаржылық

факторларды мониторингтеу құралдары күшейтіледі, контрциклдік макропруденциялық шараларды енгізудің орындылығы қаралады.

Агенттік қаржы нарығының барлық секторларында тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген кешенді қадағалау процесін дамыту арқылы қаржы секторының орнықтылығын арттыратын болады. Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің, Халықаралық сақтандыру қадағалауы қауымдастығының (IAIS), Халықаралық бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялар ұйымының (IOSCO) негізгі қағидаттары мен ұсынымдарына сәйкес келетін қаржылық реттеу саласындағы үздік халықаралық практикаларды енгізу жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес Ұлттық банк, Үкімет, Агенттік және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша үйлестіруді жүзеге асыруды жалғастырады.

Агенттік Ұлттық Банкпен және Үкіметпен бірлесіп Халықаралық валюта қоры (бұдан әрі – ХВҚ) мен Дүниежүзілік Банк жүргізетін Қаржы секторын бағалау бағдарламасының қорытындысы бойынша ұсынымдар енгізуді қамтамасыз ететін болады.

Атап айтқанда, төлемге қабілетсіз банктерді және мемлекеттік қатысуды реттеу тетігінің тиімділігін арттыру, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл және барлық қатысушылардың (Агенттік, Ұлттық Банк пен Үкімет) рөлін айқындау мәселелері бойынша FSAP (Financial Sector Assessment Program) өткізу шеңберінде алынған ХВҚ-ның ұсынымдары ескеріле отырып заңнамалық түзетулер тұжырымдалатын болады. Проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің «Қаржы институттарының дәрменсіздігін реттеудің тиімді режимдерінің негізгі атрибуттары» нұсқаулығында (Financial Stability Board, 2011) белгіленген осы саладағы жалпыға бірдей танылған халықаралық қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету және өтімділіктің жүйелі тәуекелінің іске асырылуына жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк пен Агенттік соңғы сатыдағы қарыз беру тетігін жетілдіру, оның ішінде банктердің кепіл препозициясына тартылуын арттыру және кепілге қабылданатын активтер тізбесін кеңейту арқылы жұмысты жалғастыратын болады. Соңғы сатыдағы қарыздар уақытша өтімділік проблемалары бар төлемге қабілетті қаржы институттарына ғана берілуі мүмкін.

Бұдан басқа, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және қаржы секторының орнықтылығын арттыру мақсатында Агенттік қаржы ұйымдарының қызметіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтауға және болғызбауға, ерте араласуға және уақтылы қадағалау шараларын қабылдауға бағытталған тәуекелге бағдарланған қадағалауды одан әрі дамытуды жалғастырады.

Тәуекелге бағдарланған кең ауқымды қадағалау шеңберінде Агенттік тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу құралдарын пайдалана отырып, SREP (Supervisory Review and Evaluation process) қадағалау моделі шеңберінде



негізгі тәуекелдерді талдау бойынша жұмысты жалғастыратын болады. Екінші деңгейдегі банктер капиталының ең төмен жеткіліктілігіне қадағалау үстемесі енгізіледі, онда SREP қадағалап бағалау нәтижелері, сондай-ақ қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша ағымдағы және ықтимал шығындар ескерілетін болады.

Базель стандарттарына көшу процесін аяқтау үшін банктер мен банктік холдингтерді шоғырландырылған деңгейде реттеу күшейтілетін болады. Базель стандарттарына сәйкес шоғырландырылған деңгейде капиталды есептеуге, тәуекелдерді басқару жүйесіне, ішкі бақылауға, аудитке және сәйкестік рәсімдеріне қойылатын талаптар айқындалады.

Стрестік активтерді одан әрі төмендету үшін банктер мен микроқаржы ұйымдарының стрестік активтерді цифрлық платформада сатуы жөніндегі талаптар заңнамалық деңгейде белгіленетін болады.

Әлеуметтік тәуекелдерді ескере отырып, тұтынушылық кредит беру тәуекелдерін төмендету және халықтың борыштық жүктемесінің өсуін шектеу жөніндегі жұмыс жалғасады.

Экономиканы қаржыландырудағы қаржы секторының рөлін арттыру жөніндегі саясат қаржылық тұрақтылықты қолдау мен экономикалық өсу арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді ескере отырып іске асырылатын болады.

Кредит берудің сапалы өсуін қамтамасыз ету үшін Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Агенттіктің бағалық және қаржылық тұрақтылықты, фискалдық саясаттың теңгерімділігін қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті және үйлестірілген макроэкономикалық саясаты іске асырылатын болады. Экономикадағы тәуекелдердің төмендеуі және төлемге қабілетті әрі қаржылық жағынан орнықты бизнес субъектілері санының өсуі банктердің экономикаға кредит беруді кеңейтуінің маңызды жүйелі факторларына айналады.

Нарықтық жағдайда кредит беруді кеңейту мақсатында бизнес субъектілерін тікелей қаржыландыруда мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың рөлі біртіндеп төмендейтін болады.

Инвестициялық және инфрақұрылымдық ірі жобаларға кредит беруді кеңейту үшін даму институттарының мұндай жобаларды екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп синдикатталған кредит беру және қоса қаржыландыру қағидаттарында іске асыруы жөнінде шаралар қабылданады.

Экономиканың нақты секторының жобаларына кредит беру мақсатында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) зейнетақы активтерінің инвестициялық мүмкіндіктері пайдаланылады, олар бірінші кезекте Қазақстан экономикасына жұмыс істеуге және оны одан әрі дамыту мен жаңғыртуға ықпал етуге тиіс. Бұл ретте БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау ұзақ мерзімді кезеңде нақты нарықтық кіріс алуды қамтамасыз ететін шарттарда салымшылардың мүддесі үшін ғана жүзеге асырылатын болады. Үкімет Мемлекет басшысы қойған экономиканы әртараптандыру және өсіру, импортты алмастыру және қазақстандық қамту деңгейін арттыру, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі мақсаттарға сәйкес БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері есебінен қаржыландырылатын жобаларды сапалы іріктеу

жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Осы мақсатта «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қазақстан қор биржасында 15 жылдан аспайтын әртүрлі айналыс мерзімі бар облигацияларды орналастырады.

Қор нарығын одан әрі дамыту және оның экономиканы қаржыландырудағы рөлін арттыру шеңберінде Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Агенттіктің шаралары институционалдық және бөлшек сауда сұранысын күшейтуге, эмитенттерді қор нарығына шығуға ынталандыруға және ондағы ұсынысты арттыруға, нарық инфрақұрылымын одан әрі дамытуға және оны цифрландыруға бағытталатын болады.

Институционалдық инвесторларды дамыту және БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін экономиканы қаржыландыруға тарту тиімділігін арттыру үшін жеке басқарушы компаниялардың зейнетақы активтерін басқаруға қатысуын жандандыру және кеңейту жөніндегі шаралар іске асырылады.

Қор нарығындағы сапалы эмитенттердің құралдарын ұсыну, оларды корпоративтік басқару деңгейін арттыру, осы компаниялардың түйінді қаржылық көрсеткіштерінің өсуін ынталандыру, сондай-ақ халыққа өз әлауқатын еселей түсу үшін қаражат салуына мүмкіндік беру үшін Үкімет «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыруды жалғастыратын болады.

Портфельдік инвестицияларды тарту үшін KASE және «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) биржасының әлеуеті кеңінен пайдаланылады.

Үкімет Ұлттық Банкпен және Агенттікпен бірлесіп АХҚО-ның шетелдік әріптестермен ынтымақтастығы мәселелері бойынша, оның ішінде санкциялық сын-қатерлерге жедел ден қою шаралары бойынша жалпы үйлестіруді және тығыз өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ететін болады.

ESG қағидаттарын қолданудың өсіп келе жатқан үрдісінің маңыздылығына сүйене отырып, орнықты даму жобаларына инвестициялар тартуды ынталандыруға ерекше назар аударылатын болады.

Халық пен бизнесті сақтандыру тетіктері арқылы сапасыз кәсіби көрсетілетін қызметтерден мүліктік қорғауды қамтамасыз ету үшін Үкімет Агенттікпен және Ұлттық Банкпен бірлесіп шаруашылық жүргізу субъектілерінің жауапкершілігі жүктелген сақтандыруды енгізу көзделетін экономика салалары бөлінісіндегі қызмет түрлерінің тізбесін айқындау жұмысын жалғастырады.

Лизингтік көрсетілетін қызметтер нарығында тиімділікті арттыру мақсатында лизингтік қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға жеке лизингтік компаниялардың қатысуы кеңейтілетін болады.

Төлем және қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, қаржы нарығында бәсекелестікті арттыру үшін Ұлттық Банк Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастырады, оның міндеттерінің бірі ел экономикасын цифрландыру шеңберінде қаржы нарығына қатысушылар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл деңгейін арттыру болып табылады.

Параллельді шығындарды, қайталанатын функционал мен сервистер құруды жокқа шығару мақсатында мемлекеттік органдардың қаржы нарығына

қатысушылармен ақпарат алмасуды қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтерді өздерінің қосымшалары арқылы көрсету, ашық бағдарламалық интерфейстер (open API) мен төлемдерді жүзеге асыру стандарттарын пайдалану, алаяқтық транзакциялардан, жасанды интеллектті қолданудан қорғауды қамтамасыз ету және т.б. процестерде цифрлық жобаларды одан әрі іске асыру арқылы Ұлттық банктің Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының функционалын пайдалануы қамтамасыз етілетін болады.

Үкімет пен Ұлттық Банк қаржы нарығына қатысушылардың Ұлттық Банктің Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы арқылы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен және дерекқорларымен интеграциялануын және оның Үкіметтің цифрлық инфрақұрылымымен (GovTech), оның ішінде мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялануын қамтамасыз ету жөніндегі тиісті тәсілдерді тұжырымдайды.

Үкімет Ұлттық Банкпен, Агенттікпен бірлесіп блокчейн технологиялары мен криптоиндустрияны қоса алғанда, кешенді цифрлық экожүйені дамыту үшін қолайлы реттеушілік жағдай жасайтын болады.

### **Қорытынды ереже**

Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік осы Келісімде көрсетілген өзара іс-қимыл бағыттарымен шектелмейді. Іс-қимылды үйлестіру Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің, Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің және басқа да консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарында қабылданған және қабылдануы болжанатын шараларды үнемі мониторингтеу мен талқылау арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, Үкімет, Ұлттық Банк пен Агенттік жанынан үйлестіру кеңестері тағайындалады.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы 2024 – 2026 жылдарға арналған келісімді іске асыру жөніндегі жол картасы**

<b>Р/с №</b>	<b>Іс-шараның атауы</b>	<b>Аяқталу нысаны</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>	<b>Жауапты орындаушылар</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>
<b>1. Сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету</b>				
1.	2024 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджет параметрлерін қалыптастыру және нақтылау кезінде, оның ішінде республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны бойынша контрциклдік бюджеттік қағиданы сақтау	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт туралы және республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдары	жыл сайын, желтоқсан	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)
2.	«Инвестиция орнына тариф» атты жаңа тарифтік саясатқа көшу	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдар	ҰЭМ, ЭМ, ӨҚМ, Қаржымині
3.	Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялаудан кредиттер бойынша ішінара кепілдік беруге баса назар аудара отырып, кәсіпкерлікті тікелей қаржылай қолдауды біртіндеп қысқарту	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдар	ҰЭМ, Қаржымині, ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша)
4.	Монополиялық және олигополиялық нарықтарды қоспағанда, бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеуден біртіндеп бас тарту	ҰБ-ға ақпарат	2024 жылғы ақпан, 2024 жылғы шілде, 2025	ҰЭМ, ЭМ, СИМ, ӨҚМ, ДСМ, Еңбекмині, АШМ,

1	2	3	4	5
			жылғы маусым	СЖРА (келісу бойынша)
5.	Макроэкономикалық саясат, экономиканың орнықты дамуы бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу	Үкіметке және ҰБ-ға ақпарат	жыл сайын, 2025 – 2026 жылдардағы қаңтар	ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша)
6.	Макроэкономикалық көрсеткіштерді, республикалық бюджет кірістерін және Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді модельдеу және болжау бойынша, сондай-ақ ақша нарығындағы өтімділік бойынша таныстырылымдар мен талқылаулар өткізу	таныстырылымдар мен талқылаулар өткізу	2024 жылғы қаңтар-наурыз	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша) «ЭЗИ» АҚ (келісу бойынша), Қаржыминінің ҚК, «ЕРДО» АҚ (келісу бойынша)
<b>2. Ақша-кредит саясаты және инфляция деңгейін тұрақтандыру</b>				
7.	Орта мерзімді перспективада инфляцияны біртіндеп төмендету	Ақша-кредит саясаты комитетінің қаулысы	базалық мөлшерлемені белгілеу графигіне сәйкес	ҰБ (келісу бойынша)
8.	Квазимемлекеттік сектор компанияларының валюта нарығындағы іс-қимылын үйлестіру және келісімділігін арттыру мақсатында инвестициялық бағдарламаларды іске асыру және сыртқы борышқа қызмет көрсету үшін қажет көлемді ескере отырып, валюталық активтерді айырбастау жөніндегі	ҰБ-ға ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ҰЭМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша)

1	2	3	4	5
	болжамды жоспар жасау			
9.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюта нарығындағы іс-қимылын үйлестіру	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы қаңтар	ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша)
10.	Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудағы нарықтық қатысушылардың үлесін Қаржыминінің жалпы облигациялық борышының 50 %-ына дейін арттыру (теңгедегі облигацияларды ғана ескере отырып)	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы қаңтар	Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша)
11.	GBI-EM JPMorgan индексіне кіру жөніндегі жұмыстар шеңберінде мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығының өтімділігін арттыру жөніндегі бастамаларды іске асыру: Қаржыминінің МҚБ-сын орналастыру графигін үнемі жариялап тұру және оны қатаң ұстану; JPMorgan талабына сәйкес келетін көлемде 10 жылға дейінгі мерзіммен кірістілік қисығында бенчмарктер қалыптастыру; Қаржыминінің кірістілігі тіркелген мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдарының жалпы санын қысқарту (оның ішінде нарықтық конъюнктура қолайлы болған жағдайда ішкі қор нарығында мемлекеттік бағалы қағаздарды кері сатып алу есебінен);	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы қаңтар	Қаржымині

1	2	3	4	5
	үкіметтік борышқа қызмет көрсету шығыстары өспеген жағдайда жаңа эмиссиялар шығаруды шектеу			
12.	Ақша нарығында қысқа мерзімді өтімділікті болжау сапасын жақсарту үшін республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай қазынашылық шот бойынша ақшаның қозғалысы жөнінде болжамды деректер ұсыну	ҰБ-ға ақпарат	апта сайын, 2024 – 2026 жылдар	Қаржымині, Қаржыминінің ҚК
13.	Қазақстан қор нарығын Euroclear инфрақұрылымына қосу тетігі ретінде «direct link» моделін енгізу	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), ҰЭМ, ҚНРДА (келісу бойынша)
14.	Қаржыминінің мемлекеттік облигациялар нарығында бастапқы дилерлер институтын енгізу мәселесін пысықтау	Үкіметке ақпарат	2024 жылғы қаңтар	Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)
15.	Қаржыминінің мемлекеттік облигациялар нарығында бастапқы дилерлер институтын енгізу	Үкіметке ақпарат	2025 жылғы қаңтар	Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)
16.	2025 жылға дейін 20 инвестициялық жобаны іске асыру: құс етін өндіретін 8 құс фабрикасы; 8 ет комбинаты; 4 сүт-тауар фермасы	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2025 жылдардағы желтоқсан	АШМ, мүдделі МО
17.	Агроөнеркәсіптік кешенді инвестициялық субсидиялау шеңберінде жылдам өнім беретін алма өсіру бақтарын отырғызу	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы желтоқсан	АШМ, мүдделі МО

1	2	3	4	5
18.	Азық-түлік қауіпсіздігін арттыру және азық-түлік тауарларын тұтынуда импорт үлесін 2024 жылы 20 %-ға дейін және 2025 жылы 18 %-ға дейін төмендету жөнінде шаралар қабылдау	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы ақпан	АШМ, ҰЭМ, СИМ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша), КМС (келісу бойынша)
19.	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын қадағалаудың ұлттық жүйесін пайдалануға беру	әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын қадағалаудың ұлттық жүйесі	2024 жылғы желтоқсан	СИМ, АШМ, Қаржымині, ЖАО, «Қазақтелеком» АҚ (келісу бойынша), «Қазпошта» АҚ (келісу бойынша)
20.	СТ-KZ нысанындағы қолданыстағы сертификаттардың және индустриялық сертификаттың орнына Қазақстанда шығарылатын тауарлар тізілімін құру	нормативтік құқықтық актілер	2024 жылғы шілде	СИМ, ДСМ, ҰЭМ, АШМ, ӨҚМ, БҚДА (келісу бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)
21.	Тауар биржаларын реттеудің заңнамалық негізін қайта қарау	нормативтік құқықтық актілер	2024 – 2025 жылдар	СИМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, ӨҚМ, БҚДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша),



1	2	3	4	5
				БП (келісу бойынша)
22.	Ұлттық Банк өкілдерін консультативтік-кеңесші органдардың құрамына қосу мүмкіндігін қарау	Үкіметке ақпарат	2024 жылғы сәуір	ҰЭМ, ЭМ, ӨҚМ, КМ, СІМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)
23.	Экономиканың мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторларының іске асырылатын және іске асырылуы жоспарланатын инвестициялық жобалары бойынша инвестициялардың іс жүзіндегі және болжамды көлемі және оларды іске асыру (игеру) мерзімдері бөлігінде ай сайын ақпарат ұсыну	ҰБ-ға, ҚНРДА-ға ақпарат	2024 – 2026 жылдардағы есепті тоқсаннан кейінгі айдың әрбір 10-ы күні	СІМ, ҰЭМ, ӨҚМ, КМ, СИМ, Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), басқа КМС субъектілері (келісу бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ЖАО
24.	Мұнай мен газ конденсатын өндіру мен экспорттаудың жоспарлы және іс жүзіндегі көлемі, сондай-ақ мұнай өнімдері (тауарлық бензин, керосин, дизель отыны, тауарлық мазут) мен сұйытылған газды ішкі өндірудің, қайта өңдеудің және экспорттаудың іс жүзіндегі көлемі жөніндегі ай сайынғы ақпаратты облыстар, кәсіпорындар, кен орындары, мұнай өңдеу және газ өңдеу зауыттары, экспорттық тасымалдау арналары (Каспий құбыр	ҰБ-ға ақпарат	2024 – 2026 жылдардағы есепті тоқсаннан кейінгі айдың әрбір 15-і күні	ЭМ

1	2	3	4	5
	консорциумы, Атырау – Самара, Ақтау теңіз порты, Атасу – Алашанькоу Қазақстан-Қытай құбыры, теміржол) бойынша егжей-тегжейлі көрсетіп ұсыну			
25.	Кен орындары бөлінісінде мұнайды өндіру мен экспорттау бойынша өзектілендірілген қысқа мерзімді және орта мерзімді болжамдарды (ағымдағы жылға және алдағы 5 жылға), мұнай мен газдың зерттелген қорлары, сондай-ақ реттелетін бағалардың (ЖЖМ, газ) жоспарланып отырған өзгеруі жөнінде ақпарат ұсыну	ҰБ-ға, ҚНРДА-ға ақпарат	2024 – 2026 жылдардағы есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1-і күніне дейін	ЭМ
26.	Дақылдар бөлінісінде іс жүзіндегі және күтілетін өнім, оның ішінде шығымдылығы, егіс алқаптары көрсеткіштері, сондай-ақ жылыжай шаруашылығының көрсеткіштері бойынша тоқсандық негізде ақпарат ұсыну	ҰБ-ға ақпарат	тоқсан сайын, 2024 – 2026 жылдар	АШМ
27.	Заңды тұлғаларды мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін және оларға жеңілдікті кредит беру серпінін талдау үшін заңды тұлғалар кірістерінің/өндірісінің және оларды мемлекеттік қолдаудың көлемі жөнінде деректер ұсыну	ҚНРДА-ға, ҰБ-ға ақпарат	тоқсан сайын, 2024 – 2026 жылдар	Қаржымині, ҰЭМ
28.	Баға мониторингі бойынша ақпараттық жүйелерді интеграциялау тәсілдерін тұжырымдау	Үкіметке ақпарат	2024 жылғы наурыз	ҰБ (келісу бойынша), ЦДИАӨМ, Қаржыминінің МКК, СИМ, СЖРА (келісу бойынша)

**3. Қаржылық тұрақтылық, қаржы секторын дамыту және цифрлық қаржы инфрақұрылымы**

1	2	3	4	5
29.	Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін макроэкономикалық және макроқаржылық факторларды мониторингтеу	Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің хаттамасы	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы III тоқсан	ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ
30.	Төлемге қабілетсіз банктерді реттеу және мемлекеттік қатысу тетігінің тиімділігін арттыру, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл және барлық қатысушылардың рөлін айқындау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы II тоқсан	ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ
31.	Жекешелендіру бағдарламасын, оның ішінде IPO/SPO жүргізу арқылы іске асыру	Үкіметке ақпарат	жыл сайын, 2024 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ҰЭМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша), Қаржымині, ҚНРДА (келісу бойынша)
32.	Басқарушы компаниялар алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәні арасындағы теріс айырманың орнын толтыру рәсімдерін қайта қарау бойынша ұсыныстар тұжырымдау	Үкіметке ақпарат	2024 жылғы II тоқсан	ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша)
33.	Мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет инфрақұрылымын (GovTech) және Ұлттық Банктің Ұлттық цифрлық қаржылық инфрақұрылымын интеграциялау тәсілдерін тұжырымдау	Үкіметке ақпарат	2024 жылғы мамыр	ҰБ (келісу бойынша), ЦДИАӨМ, ҚНРДА (келісу бойынша), мүдделі МО

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

«Атамекен» ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі  
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы  
БҚДА – Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі  
ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
«ЕРДО» АҚ – «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы  
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар  
ЖІӨ – жалпы ішкі өнім  
ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары  
ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
КМ – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі  
КМС – квазимемлекеттік сектор  
Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Қаржыминінің МКК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті  
Қаржыминінің ҚК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті  
ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі  
МО – мемлекеттік органдар  
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы  
СЖРА – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі  
СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі  
ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі  
ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі  
«ЭЗИ» АҚ – «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы